

Қысқаша нұсқаулық «Неден бастау керек?»

Паразиттер мен АІЖ диагностикасының KAZMED-тегі қадамдық маршруты

Асқазан-ішек жолында жайсыздық, ауырсыну сезінесіз бе немесе паразиттердің бар-жоғын анықтағыңыз келе ме?

Бұл бөлімде диагностиканы неден бастау және тексерілуге қалай дұрыс дайындалу керектігі туралы қадамдық нұсқаулық берілген. KAZMED-та паразиттерге тексеруден барынша дәл әрі жайлы өтуіңіз үшін ыңғайлы маршрут әзірледік.

1 ҚАДАМ

Паразиттерге бастапқы талдау

Нәжісті гельминттердің 22 түріне және қарапайымдылар цисталарына микроскопиялық зерттеуден бастауды ұсынамыз.

Бұл әдіс жалпы денсаулық пен АІЖ-ға әсер ететін кең таралған паразиттерді анықтауға көмектеседі.

Қажет болған жағдайда дәрігер диагнозды нақтылау үшін ПТР немесе ИФА талдауларын тағайындауы мүмкін.

Тапсырар алдында материал жинау жөніндегі нұсқаулықпен міндетті түрде танысыңыз.



2 ҚАДАМ

Паразитолог дәрігердің кеңесі


Нәтижелерді алғаннан кейін біздің инфекционист-паразитолог дәрігеріміздің қабылдауына жазыла аласыз. Ол:

- Талдау нәтижелерін түсіндіреді
- Қажет болған жағдайда зерттеулер тағайындайды: копрология, Колонофлор, кальпротектин және т.б.
- Жеке емдеу және қалпына келтіру жоспарын әзірлейді



Маңызды

Егер сізде басқа дәрігердің жолдамасы бар болса, консультациясыз-ақ қажетті талдауларды бірден тапсыра аласыз.



Нәтижелер • дәрігер • жеке жоспар

3 ҚАДАМ

АІЖ-ды кешенді тексеру

Тереңірек диагностика үшін біз мыналарды ұсынамыз:

Копрология

тағамның қорытылуын және қабыну үдерістерін бағалау

Ұйқыбез эластазасы

ұйқыбез қызметін бағалау

Кальпротектин

қабыну маркері

Колонофлор

ішек микробиотасын бағалау және т.б.



Әрі қарай не болады?

Барлық талдау нәтижелері дәрігермен талқыланып, жеке ұсынымдар беріледі.

4 ҚАДАМ**Жеке денсаулық сертификаты**

KAZMED Паразитология орталығында толық диагностикадан өткеннен кейін сіз төмендегіні растайтын жеке Денсаулық СЕРТИФИКАТЫН аласыз:

- Паразиттерге талдау тапсырдыңыз
- Паразитолог дәрігердің қабылдауында болдыңыз
- Денсаулық жағдайыңыз туралы қорытынды алдыңыз

Сертификат алғым келеді - оны қалай алуға болады?

**Қай кезде жүгіну әсіресе маңызды?**

Егер өзіңізде немесе балаңызда келесі белгілер байқалса, диагностикадан мүмкіндігінше тез өтуді ұсынамыз:

Созылмалы шаршау

Тұрақсыз нәжіс, метеоризм

Аллергия, тері бөртпелері

Тіс қайрау, мазасыз ұйқы

Салмақ жоғалту, тәбеттің төмендеуі

Темір, В12 тапшылығы немесе анемия

Диагностикаға жазылу.